

8 дәріс. Ұлттық киімге қатысты деректер мен тарихнама (2 сағат).

Мақсаты: студенттерге ұлттық киімге қатысты деректер мен тарихнама туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәріс жоспары:

1. Археологиялық деректер
2. Музей деректері
3. Бейнелеу өнері деректері

Кілт сөздер: этнос, ұлт, этнография, салт-дәстүр, баспана, киім, тағам.

Бесшатыр, Пазырық, Есік қорғаны, Берелі, Үйғарақ, Тегіскен, Арал маңының археологиялық материалдары. Бүкентау, Тарбағатай, Маймақ, Қаратау, Таңбалы және т.б. тастардағы суреттер. Ресей этнографиялық музейінің коллекциялары (Санкт-Петербург) - Л.Ф.Баллюзек, Ш.Валиханов, П.Н.Бекетов, С.М.Фиельструптың коллекциялары; МАЭ “Кунсткамера” (Санкт-Петербург) С.М.Дудиннің, А.Л.Мелков, А.Четыркина, Н.Н.Пантусовтың коллекциялары; Ресей Федерациясының Орынбор және Омбы облыстық музейлерінің коллекциялары, Қазақстан Республикасының Орталық музейінің және Қазақстан Республикасының облыстық өлкетану музейлерінің коллекциялары. Бейнелеу өнерінің туындылары, суретшілердің арнаулы этнографиялық туындылары (А.О.Орловский, Т.Г.Шевченко, Б.Залесский, Ш.Ш.Уәлиханов, Т.В.Аткинсон, В.В.Верещагин, Н.Г.Хлудов, В.Н.Плотников, П.М.Кошаров).

Е.А.Лансердің (XIX ғ.) қазақтардың мүсіндік бейнеленуі. Революцияға дейінгі тарихи-әдебиеттер: П.С.Паллас, И.Г.Георги, С.Б.Броневский, А.И.Левшин, М.Красовский, Б.Даулбаев, Х.Кустанаев, Р.Каруц, А.Алекторов, М.Чорманов және т.б. Кеңестік және қазақстандық этнографтардың еңбектері: Б.А.Куфтин, С.И.Руденко, Л.П.Потапов, О.А.Корбе, А.Х.Марғұлан, И.В.Захарова, Р.Д.Ходжаева және т.б.

XIX ғасырдың 50-60 жылдарында қазақ даласына орыс генерал штабы зерттеу жүргізе бастайды. Осындай зерттеуге М.Красовскийдің қазақ костюмін толығымен сипаттаған еңбегін жатқызуға болады. Ол өз еңбегінде киімнің тігілген матасы мен оның сапасына аса мән берген. Ол қарапайым қазақ отбасының гардеробына қанша мата жұмсалатыны және оның құнын есептеп қарастырған. М.Красовскийдің мәліметтері Ақмола және Семей, Орталық, Солтүстік Шығыс Қазақстан қазақтарына байланысты жазылған. Сондай-ақ, Л.Мейер Орынбор қазақтарының киімдеріне қысқаша сипаттама берген.

Оңтүстік қазақтарының киімдері туралы мәлімет аз және олардың барлығы жалпы сипаттама түрінде берілген (А. Кустанаевтың кітабынан басқасы). Сол сияқты Н.Зеланд және А.П.Краснов Жетісу қазақтары туралы жазса, Іле ауданы қазақтарының киімі туралы Матцеевский, Ф.В.Поярков еңбектерінде қаралған. Жетісу қазақтарының киімдеріне С.Болотов (еркек және әйел киіміне сипаттама), В.В.Верещагина (бір жанұяның киімдерінің сипатталуы), Мак-Гахана (жас қыздардың киімдерін) және Абазые К.К. (ерлердің костюмі) сипаттама берген.

Н.Васильев «Кочевниках Туркестана» (1890) атты мақаласында мал шаруашылығымен айналысқан тұрғындардың киім тігуге арналаған материал сапасы мен киімге кететін мата шығыны туралы жазған.

Маңғыстау қазақтарының киімдері туралы Ф.И.Михайлов өз еңбектерінде сипаттаған.

XIX ғ. аяғы XX ғ. басындағы көптеген этнографиялық әдебиеттер пайда болды (кітаптар, мақалалар, жалпыланған географиялық басылымдар). Олардан қазақ киімі туралы мәліметтер кездестіруге болады. Л.Ф Костенко Жетісуді зерттеу барысында Мейердің зерттеуіне қарап киімдерге сипаттама берген. П.С.Усова да Жетісу туралы

«Живописная Россиядағы» (т.10. 1885 ж.) мақаласында тағы да Мейер мақаласын негізге ала отырып, қазақ киімдерін сипаттайды. Х.Кустанаевтың мәліметтерін «Россия» (1913 ж.) деген 19 томдық еңбекте И.Масальски пайдаланған. Н.И.Гейер, Э.С.Вульфсон, А.Нисченков және Шиле И.Казанцевтің мәліметтерін қолданған.

Әдебиеттер:

1. Шевцова А.А. Казахский традиционный свадебный костюм (XIX - начало XX века) // Среднеазиатский этнографический сборник / Ин-т этнологии и антропологии Н.Н. Миклухо-Маклая РАН. - М.: Наука. - Вып. V / [отв. ред. С.Н. Абашеев, В.И. Бушков]. - 2006.

2. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті = Традиционная культура казахов: ғылыми мақалалар жинағы / [ред. алқасы М. Ш. Өмірбекова (жауапты ред.) және т. б.].- Алматы: "Зият Пресс", 2004.

3. Традиционная одежда народов средней Азии и Казахстана. -М, 1989.

4. Культура и быт казахского колхозного аула. - Алма-Ата: Наука, 1967. - 304 с.

5. Востров В.В., Кауанова Х.А. Материальная культура казахского народа на современном этапе. - Алма- ата: Наука, 1972. - 231 с.

6. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII-начале XX века. - Алма-Ата: Наука, 1971. - 634 с.

7. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. - Алма-Ата: Наука, 1980. - 254 с.

8. Казахи (историко-этнографическое исследование). - Алматы: Наука, 1995. - 352 с.

9. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. - Алма-Ата: Наука, 1986. - Т.1. - 225 с.

10. Арғынбав Х. Қазақ халқының колөнері. - Алматы: Өнер, 1987. - 128 б.

11. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда. - Алма -Ата: Наука, 1964. - 178 с.

12. Тохтабаева Ш.Ж. Функция казахской традиционной одежды // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. - 1994. - № 16. - С. 11-20.